

Кітапхана күнін ұйымдастырушылар бағдарлама жасау барысында шараның тәжірибелік жағына баса назар аударған, олар:

- 3D форматында кітап жасау бойынша шеберлік сыныбы;
- АБИС желілендіру бойынша кеңестер;
- е-үкімет порталының ресурсын қолданудағы тәжірибелік тренинг.



«Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ
Кітапханаларды дамыту бөлімі

Кітапханадағы ақпараттық технологиялар № 1 басылым

Ақпараттық парақ



Құрастырушы: ж/к әдіскер Шаухарова Ж.К.

Теміртау қ, ОКЖ, Жетіс көшесі 12

Телефон: 98-47-60

Факс: 44-66-81

tcsqb@mail.ru

Теміртау, 2013

Кітапханадағы ақпараттық технологиялар сериясымен шығатын № 1 басылымда Қарағандылық жас кітапханашылардың I форумы, Қарағанды облысының кітапханалық кеңістігіндегі кезекті маңызды оқиғалар беріледі.

• **Автор Уатаева, Б. Жас кітапханашы—кемел келешегіміздің кепілі // Кітап патшалығы. – 2012.— №3. – 18—23 б.** мақаласында Қарағанды облысы Мәдениет басқармасының қолдауымен қарағандылық жас кітапханашылардың I форумы жайлы әңгімелейді. Форум аясында «Кітап және оқу туралы» үздік бейнероликтер байқауы мен ең үздік инновациялық жобалар байқауы өткізілген. Байқауға ұсынылған бейнероликтер www.kiwi.kz сайтына тіркелді. Байқау төрт алаң бойынша ұйымдастырылды, олар:

«Келешектегі кітапхана», «Инновациялық жобалар—кітапханалар кескін – келбетінің жаңа көрінісі», «Кітапханалық дебаттар», «Кітапханашы мамандығының болашағы және заманауи кітапханашы қандай болуы керек?» Skype—лабораториясы» шығармашылық алаңдары.

Байқауға «Кітап натюрморты», «Қазіргі заман кітапханасы», «Кадрдегі кітап» буктрейлер» атты үш номинация бойынша 15 бейнеролик ұсынылған. Осы орайда, кітапханашылар шығармашылық ізденістері мен коммуникациялық технологиялар жетістіктерін ұштастыра білген. Бейнероликтердің қорытындысы бойынша жұмыстың сюжетіне, техникалық орындалуына, өзектілігіне, мазмұндылығына назар аударған қазылар алқасы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының арнайы жүлдесін (бук-ридер) «Великие битвы кочевников» бейнеролигінің авторы иеленген.



Форум әрі қарай Н.В.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында жалғасты. Кітапханада 4 шығармашылық алаң жұмыс істеді.

Шығармашылық алаңдарда Flip Book Maker бағдарламасында «3D кітап жасау» шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Гоголь атындағы ОӘФК автоматтандыру бөлімінің меңгерушісі А.Болдыш Flip Book Maker бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, парақтарды аудару мүмкіндігіне ие 3D форматындағы флэш-кітап жасауды үйретті.

Кітапханалық дебаттар алаңында «Кітап және интернет—кайсысы озық тұр?» тақырыбында бүгінгі күннің тартысты мәселесі қозғалды.

Осылай, жас мамандар кітап пен интернетті көп қырынан талқылады, олар: қолжетімділік, ақпараттылық және ақпарат іздестіру мүмкіндіктері, белгілі бір тақырыптың толыққанды ашылуы, маңыздылығы, мазмұнын пайдалану мүмкіндіктері, денсаулық, өмір сүргіштік қабілеті.

• **Абсеметова, М. Университеттің ғылыми кітапханасы жұмыстарына жаңа ақпараттық технология үрдістерін енгізу / М.Абсеметова // Кітапхана әлемі. – 2012.—№ 1. – 13-16 б.**

Халықаралық деңгейдегі университет кітапханасының бай ақпараттық қоры, оны пайдаланушыларға ұсыну жолдары баяндалған. Жаңа технологиялар үрдістерін ұтымды ұқсата білген ұжымның болашақ бағыттары айқын екені байқалады. Пайдаланушыларға сапалы білім беруде әлемдік ақпараттарға қол жеткізуді басты мақсаты ете білген.

Университет сайтының білім порталына кітапхана қорындағы электронды оқулықтар енгізілген. Кітапхана жұмысында web-технологияны пайдалану арқылы пайдаланушыларға арналған библиографиялық және толықмәтінді мәліметтер базасын ұсыну, виртуалды тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру арқылы кітап

қорын белсенді насихаттауға, виртуалды анықтамалық қызметті ұйымдастыруға, университет профиліне сәйкес Интернет ресурстар бойынша навигация құру.



• **Аманжолова, Д. Шығармашылық пен жаңашылдық аймағы: Қарағанды облысының кітапханалық кеңістігі // Кітап патшалығы.—2013. - № 1-2. - 41—43 б.**

Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры мақаласында Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы «Ұлттық академиялық кітапханадағы аймақтық кітапханалар күні» атты жобасы жүзеге асырып келеді дейді. Аталмыш кітапхананың алаңында тәжірибе алмасып, бүгінгі күнгі жетістіктер мен жаңашылдықтарды әріптестерге паш еткізуге ұйымдастырылатын бұл шара кітапханашылар қауымдастығына зор мүмкіндік береді. Осыған дейін Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстары кітапханаларының Астанадағы күндері өткізілген болатын. Биылғы жылдың 29 мамырында ҚР ҰАК кәсіби іс-шаралар жоспарына сәйкес «Шығармашылық және жаңашылдық аймағы» атты Қарағанды облысының кітапханашылары күні өтті. Іс-шараның мақсаты—алдағы уақытта ақпаратқа, білімге, мәдениетке халықтың көпшілік өкілдеріне қол жетімділікті қамтамасыз етуге қабілетті біршама қолжетімді әлеуметтік мәдени орталықтар ретінде мемлекеттік кітапханаларды дамыту.